

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Объектілерді қорғау қызметінің әскери нышандары туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1996 жылғы 20 қарашадағы N 3228.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 01.10.2015 № 94 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Атауы мен мәтініндегі "Шекара әскерлерінің", "Шекара әскерлері" сөздері "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің", "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі" сөздерімен алмастырылды - ҚР Президентінің 2001.04.12. № 582 жарлығымен.

Ескерту. Жарлықтың тақырыбында, мәтінінде, жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Объектілерді қорғау қызметінің (Республикалық ұлан) нышаны, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Объектілерді қорғау қызметі (Республикалық ұлан) бөлімдерінің жауынгерлік жалаулары бейнесінің сипаттамаларында "(Республикалық ұлан)" деген сөздер алып тасталды – ҚР Президентінің 05.05.2017 № 471 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігін, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Объектілерді қорғау қызметін мемлекеттік сәйкестендірудің бірыңғай жүйесін енгізу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 01.10.2015 № 94 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Объектілерді қорғау қызметінің (бұдан әрі - Объектілерді қорғау қызметі) әскери нышандары мыналар болып белгіленсін:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің туы (оның ішінде әскери-теңіз туы, корабльдер мен кемелердің жалаушалары, Қазақстан

Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің лауазымды адамдарының тулары мен брейд-жалаушалары), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының тулары;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің құрамалары мен бөлімдерінің, Объектілерді қорғау қызметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының өңірлік қолбасшылықтарының, құрамалары мен әскери бөлімдерінің, жоғары әскери оқу орнының жауынгерлік жалаулары, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің және оған бағынысты органдардың жалаулары ;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының, Объектілерді қорғау қызметінің нышандары.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 01.10.2015 № 94

Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының туларының бейнесі мен сипаттамасы (түрлі-түсті және графикалық бейнелері мен сипаттамаларының мәтіндері қоса беріліп отыр);

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің құрамалары мен бөлімдерінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының өңірлік қолбасшылықтарының, құрамалары мен әскери бөлімдерінің, жоғары әскери оқу орнының жауынгерлік жалауларының сипаттамасы (осы Жарлықтың 3-тармағы);

3) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жалауының және Объектілерді қорғау қызметі бөлімдерінің жауынгерлік жалауларының бейнесі мен сипаттамасы (түрлі-түсті және графикалық бейнесі мен сипаттама мәтіні қоса беріліп отыр);

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының және Объектілерді қорғау қызметінің нышандарының бейнесі мен сипаттамасы (түрлі-түсті бейнелері мен сипаттамаларының мәтіндері қоса беріліп отыр) бекітілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 01.10.2015 № 94

Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының құрамалары мен бөлімдерінің жауынгерлік

жалаулары - көлемі, пішімдік шешімі және дайындалған материалдары бойынша "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери нышандары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 шілдедегі № 3068 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамалары мен бөлімдерінің жауынгерлік жалауларына сәйкес келеді, бірақ матаның ішкі жағының ортасына Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері нышанының орнына Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының тиісті нышаны, ал төменгі жиегіне Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы құрамасының, бөлімінің атаулары кестеленіп жазылады;

2) астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қаланың, көліктегі ішкі істер департаменттерінің, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жоғары оқу орындарының жалаулары көлемі, пішімдік шешімі мен дайындалған материалдары бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жалауына сәйкес келеді, бірақ матаның бет жағының төменгі жиегіне ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің, жоғары оқу орнының атауы кестеленіп жазылады;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының және Объектілерді қорғау қызметінің құрамалары мен бөлімдерінің жауынгерлік жалауларын, сондай-ақ өздеріне бағынысты органдардың жалауларын сақтау, ұстау және алып шығу тәртібінің мәселелерінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғыларының тиісті ережелерін басшылыққа алады деп белгіленсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 01.10.2015 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

4. Мыналар:

1) әскердің қай түріне қатысты екеніне қарамастан, әскери қызметшілер, сондай-ақ әскери жиынға шақырылған азаматтар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының және Объектілерді қорғау қызметінің құрамалары мен бөлімдерінің туларын, жауынгерлік жалауларын, нышандарын құрмет тұтуы, ұрыс қимылдары кезінде жауынгерлік жалауларды жанқиярлықпен қорғауы және олардың қарсыластың қолына түсіп кетуіне жол бермеуі қажет;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының және Объектілерді қорғау қызметінің нышандарының қорлануына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады деп белгіленсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 01.10.2015 № 94

Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының тулары Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының кабинеттерінде орнатылады, әскерлердің шеруіне және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының қатысуымен байланысты басқа да қажетті жағдайларда алып шығарылады (тігіледі);

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің корабльдері мен кемелерінің әскери-теңіз туы, лауазымды адамдарының жалаушалары, тулары мен брейд-жалаушалары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери (корабльдік) жарғыларында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің корабльдері мен кемелеріне тігіледі;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының, Объектілерді қорғау қызметінің нышандары Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Объектілерді қорғау қызметінің орталық аппаратының, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы штабтарының, сондай-ақ олардың ведомстволық бағынысты органдарының, бөлімдер мен құрамалар штабтарының, әскери-оқу, оқу және өзге де орындардың ғимараттарында тігіледі;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Бастығының бұйрықтарымен немесе өзге де актілерімен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының және Объектілерді қорғау

қызметінің нышандарының бейнелерін міндетті түрде жаңғыртудың басқа да жағдайлары көзделуі мүмкін деп белгіленсін.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.11.2021 № 693; өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі өз актілерін, сондай-ақ орталық атқарушы органдардың актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтіруді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2014.10.06 № 922 Жарлығымен.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 20 қарашадағы
N 3228 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің нышанының СИПАТТАМАСЫ

Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Президентінің 12.04.2001 N 582; 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің нышаны - көк жасыл түсті түзу бес бұрышты жұлдыз бедерленген жасыл түсті дөңгелек. Жұлдыздың диаметрі дөңгелектің диаметріне тең. Жұлдыздың ортасында шұғыла шашқан күннің сарғыш-алтын түсті мәнерлі бейнесі (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының элементі) орналасқан. Дөңгелек пен жұлдыз сарғыш-алтын түсті жиекпен әдіптелген әрі жұлдыздың әдіптелген ұштары дөңгелек жиегінен шығыңқы. Дөңгелектің жиегі жұлдыздың жиегінің 0,75 бөлігін құрайды.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 20 қарашадағы
N 3228 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің туының СИПАТТАМАСЫ

Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Президентінің 12.04.2001 N 582; 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің туы - тігінен үш бөлікке бөлінген, үш түсті тік бұрышты екі жақты мата. Тудың екі жақ қапталы - жасыл түсті, ортасы - көк жасыл түсті. Тудың ортасында шұғыла шашқан күнмен оның астында алтын түстес қалықтап ұшқан қыранның мәнерлі бейнесі (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының элементтері) орналасқан. Тудың бет жағының жоғарғы сол жақ бұрышында және сырт жағының жоғарғы оң жақ бұрышында сарғыш-алтын түстес түзу бес бұрышты жұлдыздың бейнесі бар. Қапталы мен орта бөліктері бір-бірінен сарғыш-алтын түсті жолақтармен бөлінген. Тудың жалпы ені мен ұзындығының қатынасы 1:2. Тудың жекелеген элементтерінің дәлме-дәл қатынастары мен көлемі қоса ұсынылып отырған графикалық бейнесінде берілген.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 20 қарашадағы
N 3228 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің корабльдері мен кемелері әскери-теңіз туларының СИПАТТАМАСЫ

Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Президентінің 12.04.2001 N 582; 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

А. Кеменің артқы жағындағы тулар мен жалаушалар

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің

Шекара қызметінің корабльдері мен кемелерінің әскери-теңіз туы - шетінде Қазақстан Республикасының әскери-теңіз Туының бейнесі бар жасыл мата.

Тудың енінің ұзындығына қатынасы - 1:2 Қазақстан Республикасы әскери-теңіз Туының көлемі күллі матаның 4/1 бөлігін құрайды.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің корабльдерінің жалаушасы - шкаторина тұсында Қазақстан Республикасы әскери-теңіз Туының бейнесі бар жасыл түсті бұрымшасы бар жіңішке жолақ.

Жалауша ұзындығының тудың еніне қатынасы - 30:1 (каторлерде - 12:1). Бұрымша кесінділерінің ұзындығы - жалаушаның ұзындығының 7/1, бұрымшаларының тарқатылған күйі ту енінің 2/1 тең.

В. Лауазымды адамдардың тулары мен брейд-жалаушалары

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының туы - тігінен теңдей екі: зеңгір көк (шкаторина тұсында) және жасыл бөлікке бөлінген мата. Матаның зеңгір көк түсті жартысында - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының нышаны, жасылында жұлдыз бейнеленген.

Тудың енінің ұзындығына қатынасы - 1:2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының нышаны (алтын күн мен қыран) биіктігі жөнінен ту 2/1 тең және ол - матаның

зеңгір көк түсті жартысының орта тұсына, диаметрі ту енінің 3/1 тең жұлдыз оның жасыл түсті жартысына орналасқан.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Бас штабы Бастығының туы - тігінен тең екі: зеңгір көк (шкаторина тұсында) және жасыл бөлікке бөлінген мата. Матаның көгілдір түсті жартысында - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының нышаны, жасылында екі жұлдыз орналасқан.

Тудың енінің ұзындығына қатынасы - 1:2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының нышаны (алтын күн мен қыран) биіктігі жөнінен ту енінің 2/1 тең және матаның зеңгір көк түсті жартысының орта тұсына орналасқан, диаметрі ту енінің 4/1 тең жұлдыздар матаның ширектерінің жасыл түсті жартысының орта тұсына орналасқан.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің Теңіз басқармасы бастығының туы - шетінде Қазақстан Республикасының әскери-теңіз Туының бейнесі бар жасыл түсті мата. Тудың тік жасыл түсті жартысына екі жұлдыз орналасқан.

Тудың енінің ұзындығына қатынасы - 1:2. Қазақстан Республикасы әскери-теңіз Туының көлемі шетінде күллі матаның 4/1 бөлігіне тең. Диаметрі мата енінің 4/1 тең жұлдыздар матаның ширектерінің жасыл түсті жартысының орта тұсына орналасқан.

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің корабльдер құрамалары командирінің туы - шетінде Қазақстан Республикасының әскери-теңіз Туының бейнесі бар жасыл түсті мата. Тудың тік жасыл түсті жартысында бір жұлдыз орнатылған.

Тудың енінің ұзындығына қатынасы - 1:2. Қазақстан Республикасының әскери-теңіз Туының көлемі күллі матаның 4/1 бөлігіне тең. Диаметрі мата енінің 4/1 тең жұлдыз матаның тік жасыл түсті жартысының ортасында орналасқан.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің корабльдер құрамалары командирінің брейд-жалаушасы - жасыл түсті бұрымшалары бар конус іспетті матадан тұратын кішірейтілген көлемдегі Қазақстан Республикасының әскери-теңіз туы.

Брейд-жалаушаның тудың еніне қатысты - 5:1. Бұрымша кесінділерінің ұзындығы тудың ұзындығына тең. Бұрымшаларының тарқатылған күйі тудың енінің жартысына тең.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 20 қарашадағы
N 3228 Жарлығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жалауының
СИПАТТАМАСЫ**

Ескерту. Сипаттама жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жалауы – көк жасыл түсті тік бұрышты екі жақты мата. Жалаудың бет жағының ортасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының сарғыш-алтын түсті бейнесі орналасқан. Мемлекеттік Елтаңбаның үстіңгі жағында матаның жоғары жиегін бойлай қазақ тілінде "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ" деп жазылған, Мемлекеттік Елтаңбаның астыңғы жағына қазақ тілінде "ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ" деп жазылған. Матаның сырт жағының орта тұсында – нышанның түрлі-түсті бейнесі бар. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі нышанының үстіңгі жағында "МІНДЕТ, АБЫРОЙ, ЕРЛІК" деген ұран жазылған. Барлық жазулар сарғыш-алтын түспен жазылған. Жалаудың шет-шеті сарғыш-алтын түсті оқамен көмкерілген. Жалаудың жалпы ені мен ұзындығының арақатынасы – 1:1,5.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 20 қарашадағы
№ 3228 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі туының СИПАТТАМАСЫ

Ескерту. Сипаттама жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 20.11.2023 № 400 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің туы – көгілдір зүбәржат түстес тік бұрышты екі жақты мата, ортасында шұғыла шашқан күн мен оның астында қалықтап ұшқан қыранның (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы элементтерінің) сары алтын түстес мәнерлі бейнесі орналасқан. Тудың бет жағының сол жақ жоғарғы бұрышында және сырт жағының оң жақ жоғарғы бұрышында Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі нышанының алтын, көгілдір зүбәржат және көкшіл жасыл түсті түрлі-түсті схемалық бейнесі бар. Тудың жалпы ені мен ұзындығының қатынасы – 1:2.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 20 қарашадағы
№ 3228 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі нышанының СИПАТТАМАСЫ

Ескерту. Сипаттама жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 20.11.2023 № 400 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нышаны үш түсті – алтын, көгілдір зүбәржат түстес және көкшіл жасыл.

Нышанның бүкіл композициясы екі шеңбермен қоршалған, олардың жиектері алтын түстес арқан түрінде жасалған.

Композицияда ішкі шеңберде (көкшіл жасыл түсті) орналастырылған қалықтап ұшқан қыран (алтын түстес етіп жасалған) басты орын алады.

Қыранның артындағы фонда Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметінің негізгі қағидаттары – заңдылықты, бірлікті, азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды және құрметтеуді, ашықтық пен айқындықты білдіретін дөңгелек қалқан (алтын түстес элементтері бар көгілдір зүбәржат түстес), семсер және лавр гүлдестесі (алтын түстес) бейнеленген.

Үлкен және кіші шеңберлердің жиектерінің арасында көкшіл жасыл фонда "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі" деген жазу (алтын түстес) орналастырылып, сөздердің арасында екі жағынан бес бұрышты екі жұлдыз бейнеленген.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 20 қарашадағы
N 3228 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы нышанының СИПАТТАМАСЫ

Ескерту. Нышанның сипаттамасы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 01.10.2015 № 94 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының нышаны төменгі жағынан көк түсті қалықтаған қыранның кескінді бейнесімен (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының элементі) қамтылған күн шұғылалары бейнесін білдіреді, сәулелердің ортаңғы бөлігінде алтын-сары түстес шаңырақтың бейнесі (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының элементі) орналасқан, оның үстінде атпен шауып келе жатқан, қолында теңбіл түсті сабы бар ту ұстаған салт атты адам бейнеленген. Күн сәулелері мен қалықтаған қыранның кескінді бейнесінің арасында қазақ тілінде "ҰЛТТЫҚ ҰЛАН" деген жазу орналасқан. Жазу, сәулелердің бейнесі мен қыранның кескінді сұлбасы алтын-сары түспен көмкерілген.



Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 20 қарашадағы
N 3228 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы туының СИПАТТАМАСЫ

Ескерту. Тудың сипаттамасы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 01.10.2015 № 94 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының туы - ортасында Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының нышанының бейнесі орналасқан - көк түсті тік бұрышты екі жақты мата.

Тудың жалпы ені мен ұзындығының арақатынасы 1:2. Тудың жекелеген элементтерінің дәлме-дәл арақатынастары мен өлшемдері қоса беріліп отырған графикалық бейнеде берілген.



Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 20 қарашадағы
N 3228 Жарлығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Күзет қызметі нышанының
СИПАТТАМАСЫ**

Ескерту. Сипаттама алып тасталды - ҚР Президентінің 2014.10.06 № 922 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 20 қарашадағы
N 3228 Жарлығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Объектілерді қорғау қызметі
нышанының бейнесі**

Ескерту. Сипаттама жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2014.10.06 № 922 Жарлығымен.



**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Объектілерді қорғау қызметі
нышанының сипаттамасы**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Объектілерді қорғау қызметі нышаны шеңберге орналастырылған салт атты сақ жауынгерінің бейнесі бар (Есік "алтын адамы") бес ұшты көгілдір түсті жұлдыздан тұрады. Жұлдыз сұлбасы алтын-сары түспен көмкерілген. Салт атты жауынгердің бейнесі де, шеңбердің сұлбасы да алтын сары түспен орындалған.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 20 қарашадағы
N 3228 Жарлығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Объектілерді қорғау қызметі
бөлімдерінің жауынгерлік жалаулары**

Ескерту. Сипаттама жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2014.10.06 № 922 Жарлығымен.

0112 әскери бөлімінің жауынгерлік жалауы
("АЙБЫН" Президенттік полкі)



Беткі жағы



Сыртқы жағы

0111 әскери бөлімінің жауынгерлік жалауы
("БАТЫР" Президенттік полкі)



Беткі жағы



Сыртқы жағы

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Объектілерді қорғау қызметі
бөлімдерінің жауынгерлік жалауларының
СИПАТТАМАСЫ**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Объектілерді қорғау қызметі бөлімдерінің жауынгерлік жалауы екі жақты жалпақ матадан, сабынан және білезікті баудан тұрады.

Ұзындығы 145 см және ені 115 см жалаудың жалпақ матасы қос қабатталған көгілдір түсті фаядан дайындалған және жиегінің үш жағынан алтын түсті жібекті шашақпен зерленген.

Жалпақ матаның бет жағының ортасында алтын түсті жібекпен 50 см көлемде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы кестеленген. Жалпақ матаның жоғарғы жағынан "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ" жазуы алтын түсті жібекпен кестеленген, астыңғы жағынан "ОТАН ҮШІН" жазуы, жазудың әріпінің биіктігі - 7,5 см.

Жалпақ матаның сыртқы жағының ортасында аппликация: ортасында шеңберге орналастырылған салт атты сақ жауынгерінің стилидендірілген бейнесі бар бес шетті көгілдір түсті (көгілдір ақық) жұлдыз. Жұлдыздың пішіні, шеңбер және салт атты жауынгердің бейнесі алтын түстес етіп жасалған. Жұлдыз көлемі жалау ұзындығының 1/3.

Аппликацияны үстінен жалаудың жоғарғы шетімен "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ" жазуы алтын түсті жібекпен кестеленген, ал аппликацияның астынан жалаудың төменгі шетімен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Объектілерді қорғау қызметі бөлімінің атауы. Жазудың әріптерінің көлемі – 6 см.

Жалаудың сапты жағы диаметрі 4 см және ұзындығы 250 см сабқа кигізуге мүмкінді беретін тігіспен тігілген. Сап қою-қоңыр түспен боялған, лакталған. Саптың

жоғарғы жағында әшекейленген ұштық. Жалаудың баулары ширатылған, алтын түсті жібекпен дайындалған, соңында екі шашағы бар. Баудың ұзындығы 270-285 см.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК